

Мұнайлы ауданында жолаушылар мен багажды ауданішілік (ауылішілік) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифтерді белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 1 шілдедегі № 136-қ қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19- бабына сәйкес Мұнайлы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Мұнайлы ауданында жолаушылар мен багажды ауданішілік (ауылішілік) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифтер белгіленсін.

2. "Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне енгізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мұнайлы ауданы әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұнайлы ауданының әкімі

Қ. Құлжанов

Мұнайлы ауданы әкімдігінің

2026 жылғы "1" шілдедегі

№ 136-қ қаулысына қосымша

Мұнайлы ауданында жолаушылар мен багажды ауданішілік (ауылішілік) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифтер

№	Маршрут атауы	Жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде, яғни интернет желісі және ұялы байланыс құрылғыларын қоса алғанда, электрондық төлеу жүйесі арқылы	Жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде
1	2	3	4
1	" Маңғыстау-Атамекен-Маңғыстау"	70	120

2	" Маңғыстау-Батыр-Маңғы стау"	110	190
3	" Маңғыстау-Баянды-Маңғ ыстау"	80	140
4	1 3 А Маңғыстау-Қызылтөбе-Д әулет"	70	120
5	14 "Батыр"	70	120

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК